

"Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдерді есептеу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 4 мамырдағы № 168-ө-м бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 310 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 30 желтоқсанда № 10044 тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 571 қаулысымен бекітілген Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдерді жүзеге асыру қағидасының 7-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдерді есептеу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 4 мамырдағы № 168-ө-м бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7706 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдарының актілер жинағының 2012 жылғы № 11 санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдерді есептеу қағидасында:

4, 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Ең төменгі жалақы өсімінің жинақталған деңгейін есептеу (ЕТЖ_{жинақ}) белгілі бір жылдардағы ең төменгі жалақының өсу коэффициенттерін мынадай формула бойынша көбейту арқылы жүргізіледі:

$$ЕТЖ_{\text{жинақ}} = \frac{ЕТЖ_n}{ЕТЖ_{n-1}} * \frac{ЕТЖ_{n+1}}{ЕТЖ_{(n+1)-1}} * \frac{ЕТЖ_{n+2}}{ЕТЖ_{(n+2)-1}} * \dots * \frac{ЕТЖ_{n+x}}{ЕТЖ_{(n+x)-1}}$$

мұндағы $ЕТЖ_n$ – заңды тұлға банкрот деп танылған жылдан кейінгі қаржы жылының 1 қаңтарына республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген ең төменгі жалақы мөлшері;

n – заңды тұлға банкрот деп танылған жылдан кейінгі жыл;
 $(n + x)$ – ай сайынғы төлемді тағайындауға өтініш білдірген (қайта есептеген) жыл.

Бұл ретте $ЕТЖ_{\text{жинақ}}$ үтірден кейін үш белгіге дейін дөңгелектенеді. Егер төртінші белгі 5-ке тең немесе одан көп болса, онда үшінші белгіге бір бірлік қосылады.

5. Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер (АТ), ай сайынғы төлем мөлшерін (АСТМ) $ЕТЖ_{\text{жинаққа}}$ көбейту арқылы а й қ ы н д а л а д ы :

$$А Т = А С Т М * Е Т Ж_{\text{ж и н а қ}} \\ 7 - \text{ т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;} \\ \text{мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:}$$

«9. 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша АТ алушылары болып табылатын, АТ мөлшері тұтыну бағалары индексінің жинақталған деңгейі ескеріле отырып айқындалған азаматтарға АТ-ның тағайындалған сомаларын қайта есептеу ең төменгі жалақы өсімінің жинақталған деңгейінің есебіне байланысты 2015 жылғы 1 қаңтардан б а с т а п ж ү р і з і л е д і .

Бұл ретте АТ-ның арттырылған мөлшері алып жүрген ағымдағы АТ мөлшерінен төмен болмайды. Егер ең төменгі жалақы өсімінің жинақталған деңгейінің есебінен айқындалған АТ мөлшері ағымдағы АТ-дан төмен болса, онда АТ-ның ағымдағы м ө л ш е р і с а қ т а л а д ы . » .

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаменті заңнамада б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е у д і ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі С.Қ. Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді және ресми жариялауға жатады.

Министр

Т.Дүйсенова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК